

2024-2025 оқу жылында мұғалімдердің сабақтарына қатысу барысы туралы АНЫҚТАМА

Ағымдағы оқу жылында мұғалімдердің кәсіби қызметін бақылау және әдістемелік қолдау көрсету мақсатында сабақтарға қатысу ұйымдастырылды. 5«Е», 3«Р», 10«Г», 5«И», 5«И», 4«М», 2«Д» сыныптарында сабаққа қатысылды.

Сабақтарға қатысу мақсаты:

- Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру;
- Оқыту әдістемелерінің тиімділігін бағалау;
- Сабақтың жоспарлануы мен өткізілу сапасын талдау;
- Оқушылардың оқу белсенділігін бақылау;
- Педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

5«Е» класс:Қаймақбаева Гүльзауре Бектилеуовна

3«Р» класс:Жапарова Анар Еркимбаевна

10«Г» класс:Сыдыкова Жанар Айдаровна

5«И» класс:Мамбетжанова Дина Жанабаевна

5«И» класс:Мұхамедиева Дамелі Орынбасарқызы

4«М» класс:Дүйсенкулова Мадина Кабдушевна

2«Д» класс:Контаева Кулшат Куанышбаевна

Ағылшын тілі пәні бойынша, 5«Е» класы, Қаймақбаева Гүльзауре Бектилеуовна

Тақырыбы:«Qualities of a friend»

Мұғалім сабақты ұйымдастыру бөлімінен бастады. Үй тапсырмасы тексерілді (9-жаттығу). Сабақ барысында оқушыларға жаңа сөздермен ойын ұйымдастырылды. Жаңа сөздерді оқушылар тақтаға жазып, олармен жұмыс жасады. Жазбаша түрде True/False/Doesn't Say тапсырмалары орындалды. Оқушылар өздерінің сүйікті достары туралы айтып, 39-беттегі 4-жаттығуды орындады. Оқушылардың сабаққа белсенділігі өте жақсы болды. Көрнекілік құралдары тиімді қолданылды. Мұғалім оқушылармен жақсы қарым-қатынас орнатып, олардың қатесін уақытылы түзеді. Сабақ уақытылы аяқталды, уақыт тиімді пайдаланылды. Сабақ жоспары оқушылардың деңгейіне және сабақтың мақсатына сәйкес жасалған.

Ұсыныстар:

1. Мәтінде кездескен жаңа сөздермен жан-жақты жұмыс жасау қажет.
2. Негізгі идеяларды ағылшын тілінде талқылауға көбірек назар аудару керек.
3. Оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлу ұсынылады.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 3«Р» класы, Жапарова Анар Еркимбаевна

Тақырыбы:«Have got/has got»

Сабақ ұйымдастыру бөлімінен басталып, оқушылардың белсенділігі артты. Сергіту сәті арқылы оқушылардың зейіні шоғырланды. Жаңа сөздерді жазу және қайталау арқылы оқушылардың сөздік қоры толықты. Практикалық тапсырмалар мен ойын элементтерін қолдану сабақты қызықты әрі түсінікті етті. Өткен тақырыппен байланыс орнату оқушылардың білімін жүйелеуге септігін тигізді.

Ұсыныстар:

1. Мұғалім тапсырмаларды түсіндіру мен кері байланыс кезінде ағылшын тілін көбірек пайдаланып, оқушыларды тілдік ортаға тарту қажет.
2. Қысқа мерзімді жоспар күнтізбелік-тақырыптық сабақ жоспарына толық сәйкес келуі керек. Әр кезеңнің мақсаты, күтілетін нәтиже мен тапсырмалар анық болуы маңызды.
3. Панельдер мен интерактивті тактаны көрнекілік құрал ретінде пайдалану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.
4. Бастауыш сынып оқушылары үшін суреттер, карточкалар, бейнематериалдар сияқты визуалды құралдарды тұрақты түрде пайдалану ұсынылады.

5.Сабақты жоспарға сәйкес жүргізіп, оның әр кезеңінің сабақ мақсатына сай болуын қамтамасыз ету керек.

6.Сабақ барысында оқушылардың жұмысын бағалап, кері байланыс беру.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 10«Г» класы, Сыдыкова Жанар Айдаровна

Тақырыбы:«Houston, we've had a problem here!»

Сабақ ұйымдастыру кезеңінен басталып, оқушылардың сабаққа дайындығы қамтамасыз етілді.Психологиялық ахуалды жақсарту үшін арнайы жұмыс ұйымдастырылды, бұл оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына жағдай жасады.Топтық жұмыс тиімді жүргізілді: оқушылар 2 топқа бөлініп, “Джиксо” әдісі арқылы материалды өзара түсіндірді.Өткен тақырыппен байланыс орнатылып, оқушылардың алдыңғы білімдері жаңа тақырыпқа ұштастырылды.Қосымша видео материалдар көрсетіліп, оның мазмұны бойынша сұрақтар қойылды. Бұл тыңдалым дағдысын дамытуға оң ықпал етті.Жаңа сөздермен жұмыс жасау арқылы оқушылардың сөздік қоры толықтырылды. Сабақ барысында төрт негізгі дағды (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) қамтылды.Бағалау парақтары қолданылып, оқушылар өздерінің жетістіктерін бақылауға мүмкіндік алды. ChatGPT құралын тиімді пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып, сабаққа заманауи әдістемелік шешім енгізді.Сабақ соңында оқушылардан кері байланыс алынды.

Ұсыныстар:

1.Оқылым дағдысына баса назар аудару: Оқушыларға мәтінді оқуға және талдауға арнайы уақыт бөліп, бұл тапсырманың сабақ құрылымына нақты енгізілуін қамтамасыз ету қажет.

Қорытынды:

Сабақ құрылымы негізінен дұрыс ұйымдастырылған. Мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолданды. Оқылым дағдысына көбірек көңіл бөлінуі керек.

Музыка пәні бойынша, 5«И» класы, Мамбетжанова Дина Жанабаевна

Тақырыбы:«Job qualities»

Сабақ мұғалімнің дұрыс ұйымдастырылуынан басталды, оқушылардың назарын жинақтап, оқу процесіне дайындықты қамтамасыз етті.Оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында сергіту сәті өткізілді. Бұл оқушылардың зейінін шоғырландыруға көмектесті.Мұғалімнің сұрағы арқылы оқушыларға жаңа тақырыпты ашуға мүмкіндік берілді, бұл оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етті.СТО технологиясын тиімді қолданды.Оқушыларға жаңа сөздер мен олардың мағынасын өздері ашуға мүмкіндік берілді, бұл сөздік қорын дамытуға ықпал етті.Сабақта ойын элементтері тиімді қолданылды, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артты.Оқушылар екі топқа бөлініп, топтық тапсырмалар орындады, бұл ынтымақтастықты және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал етті.QR кодтар арқылы тапсырмалар беріліп, оқушылардың технологиялық дағдыларын дамытуға көңіл бөлінді.Кубик арқылы тапсырмаларды орындау оқушылардың қызығушылығын оятып, белсенді жұмыс жүргізуге себеп болды.Оқушылар өз жұмыстарын бағалап отырды, дескрипторлар анық болды, бұл оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауын және жауапкершілігін арттырды.Оқушылардың кателері уақытында түзетіліп, кері байланыс берілді, бұл білім деңгейін жақсартуға көмектесті.

Ұсыныстар:

1.Кейбір оқушылар жауап бергенімен, өздерін бағалауда белсенді болмады, бұл оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдысының төмен болуы.Оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдысын дамыту.

Музыка пәні бойынша, 5«И» класы, Мұхамедиева Дамелі Орынбасарқызы

Тақырыбы:«Халық музыкасының интерпретациясы»

Сабақ жақсы ұйымдастырылды, оқушылар психологиялық тұрғыдан дайындалды. Оқушылар бір-біріне әк тілектер айтып, атмосфераны жағымды етіп жасады. Бұл оқушылардың сабағына деген қызығушылығын арттырды.Әр топтан көшбасшы сайланып, олардың рөлдері сабақ барысында айқын болды. Көшбасшылар жауап берген оқушыларға тәтті сыйлықтар таратып отырды, бұл олардың сабаққа белсенді қатысуын ынталандырды.Оқушылар онлайн

платформа арқылы суреттердің атауларын тапты. Бұл технологиялық құралды қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып, тапсырманы орындауды жеңілдетті. Әр тапсырмадан кейін оқушылар үш шапалақ ұрып, сабақтың белсенділігін арттырды. Бұл әдіс оқушылардың ынтасын және позитивті көзқарасын қалыптастыруға көмектесті. Мұғалім баянмен бірге ән айтып, оқушыларды қызықтыру үшін шығармашылық элементтерді қолданды. “Бесік жыры” және “Беу айдай” әндерін орындау арқылы оқушылардың музыкалық дағдылары мен шығармашылық қабілеттері дамыды. Қосымша видео көрсетіліп, оның динамикасы мен әсері жайлы сұрақтар қойылды. Бұл оқушылардың талдау дағдыларын дамытуға ықпал етті. Сабақта АКТ технологияларын тиімді пайдаланылды. Оқушыларға жана ақпаратты технологиялық құралдар арқылы жеткізу әдісі сабақтың мазмұнын түсінуге көмектесті. Оқушылар сұрақтарға белсенді жауап берді. Бұл олардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастырды. Оқушылардың қателері уақытында түзетіліп отырды. “Микрофон” әдісі арқылы кері байланыс алынды. Оқушылар сабақты жақсы қабылдағандарын және алған әсерлерін ашық түрде айтты. Барлық көрнекілік құралдар эстетикалық талғамға сай, оқушылардың көзқарасын қызықтырып, сабаққа деген ынтасын арттырды. Оқушылар уақытылы бағаланып, олардың жетістіктері бағаланды, бұл олардың оқуға деген ынтасын және жауапкершілігін арттырды.

Қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша, 4«М» класы, Дүйсенкулова Мадина Кабдушевна
Тақырыбы: «Ұлттық аспаптар»

Мұғалім сабақты психологиялық ахуал орнату мақсатында “Мен президентпін”, “Сен президентсің” әдісі арқылы оқушылардың белсенділігін арттырды. Бұл әдіс оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, шығармашылыққа баулыды. “Өскенде кім боламыз?” деген сұрақ қою арқылы оқушылар өз ойларын жеткізді. Бұл олардың сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытады. Сергіту сәті тиімді ұйымдастырылып, оқушылардың белсенділігін арттырды. Сабақ барысында қазақтың ұлттық аспаптары туралы айтылып, ән тыңдалды. Оқушылар аңыз әңгіме тыңдап, ұлттық аспаптардың атауын меңгерді. Бұл олардың мәдени құндылықтарға деген қызығушылығын оятты. Оқушылар жіктеуді жақсы меңгергені көрініп тұр, тақтада жаттығуларды қатесіз орындады. Оқушылар мәтінді оқып, сұрақтарға жауап берді. Бұл олардың мәтінді түсіну және жауап беру дағдыларын дамытты. Сабақ барысында сыни тұрғыдан ойлау технологиясы тиімді қолданылды. Бұл әдіс оқушылардың ойлау қабілетін тереңдетіп, белсенділігін арттырды. Орыс сыныбы болса да, оқушылар қазақ тілінде тапқыты жақсы айтып шықты. Бұл олардың тілге деген қызығушылығын көрсетеді. Сабақта көрнекілік құралдары эстетикалық талғаммен дайындалып, оқушылардың назарын аударды. Сабақ соңында оқушылар сабақтан алған әсерлерін еркін жеткізе білді, бұл олардың сабақтың мазмұнын қаншалықты түсінгенін көрсетеді.

Ұсыныстар:

1. Уақытты тиімді пайдалану

Бастауыш класс пәні бойынша, 2«Д» класы, Контаева Кулшат Куанышбаевна

Тақырыбы: «Сұраулы сөйлем»

Сабақ оқушылардың үй тапсырмасын тексеруден басталып, психологиялық жұмыс жүргізілді. Бұл әдіс сабақтың жағымды ахуалда басталуына ықпал етті. Оқушыларға өткен сабақты еске түсіру мақсатында сөздік диктант жаздырылды, 46-жаттығу сәтті орындалды. Бұл оқушылардың өткен тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеруге мүмкіндік берді. 47-жаттығуда дәптермен жұмыс ұйымдастырылды. Бұл тапсырма оқушылардың жазба дағдысын дамытты. «Кім тапқыр?» және «Кім жылдам?» ойындары оқушылардың қызығушылығын арттырып, белсенділік танытуына ықпал етті. Оқушылар сөйлемдерге тыныс белгілерін дұрыс қою арқылы грамматикалық білімдерін шыңдады. Физика пәнімен байланыс орнатылды. Бұл оқушылардың тақырыпты өмірмен ұштастыра отырып түсінуіне көмектесті. Оқушылар –ма, -ме, -па, -пе жалғауларына мысалдар келтіріп, ережені бекітті. Бұл теориялық білімді

практикада қолдануға мүмкіндік берді.Сабақ соңында оқушылардан кері байланыс алынып, олардың сабақтан алған әсерлері тыңдалды.

Ұсыныстар:

1. Уақытты тиімді қолдану қажет.

Сабақтарға қатысу үдерісі мұғалімдердің кәсіби дамуына бағытталған және оқу жылының соңына дейін жалғасады.

Д. Сарина СР